

Н. Қуантаев* , **Г.Е. Сабденова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ
-e-mail: kuantaiuly@mail.ru

ҚАЗАҚ АКСР БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Кеңестік мемлекеттілік орнағаннан кейін қазақ даласында түбегейлі бетбұрыстар орын алды. Жаңа реформалар жүргізілді. Қоғамдық-саяси өмір біршама тұрақтап, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жасауға алғашқы қадамдар жасалына бастады. Оған қазақтың барлық зиялы қауымы араласа бастады. Бұрынғы Алаш Орды қайраткерлері түгелдей дерлік кеңестік жүйеде жұмыс істеді. Солардың бірі Жүсіпбек Аймауытұлы болды. Өз кезегінде Жүсіпбек Аймауытұлы барлық алашордалықтар секілді жаңадан құрылған мемлекеттік жүйені мойындады да, елде бірқатар қоғамдық-саяси қызметтер атқарды, мемлекеттік маңызы бар істерді шешуге және елдің өркендеуіне өзіндік үлесін қосуға ұмтылды. Ол баспасөз немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қазақ халқының тілек-талаптарын, мұрат-мақсаттарын жеткізуге талпынған болатын. Жастарға үлгі боларлық тұлғаларды дәріптеп, олардың қызметіне тарихи бағасын берді. Оның негізгі еңбектерінің арқауы ұлттың өткені мен тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, этнографиясы мен дүниетанымы болған еді.

Мақалада Жүсіпбек Аймауытұлының кеңес өкіметі кезіндегі қызметі мен шығармашылығы, еңбек жолы жайлы жазылған. Архив құжаттары мен баспасөз басылымдарына жасалынған тарихи-деректанулық талдаулар оның мемлекет және қоғам қайраткері ретінде жастарды өз ұлтын сүйетін жанашыр азамат болуға үндеу тастап, әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлгенін көрсетіп отыр.

Түйін сөздері. газет, редактор, халық ағарту комиссариаты, архив, коммунистік партия, оқу-ағарту.

Н. Қуантаев, Г.Е. Сабденова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы.

*e-mail: kuantaiuly@mail.ru

СМИ Казахской АССР и общественно-политическая деятельность Жусупбека Аймауытулы

Произошли коренные изменения в казахской степи после становления советской государственности. Проводились новые реформы. Общественно-политическая жизнь стала постепенно стабилизироваться и были сделаны первые шаги укрепления социально-экономической ситуации в стране. В ней принимала участие вся казахская интеллигенция. Деятели бывшей Алаш Орды почти поголовно работали в советской системе. Одним из них был Жусупбек Аймауытулы. В свою очередь Жусупбек Аймауытулы как и все алашординцы был вынужден признать новую советскую систему, заниматься общественно-политической жизнью и внести свой вклад в решений государственных задач для процветания страны. Желания, требования, идеалы и цели казахского народа он пытался донести через печать или средства массовой информации. Он прославил образцы для подражания для молодежи и дал историческую оценку их деятельности. Основу его основных произведений составили прошлое и история нации, литература и культура, этнография и мировоззрение.

В статье рассказывается об общественно-политической деятельности, творчестве и карьере Жусупбека Аймауытулы в советский период. Архивные материалы и историко-источниковедческие анализы проведенные по источникам печатной публикации говорят, что он, как государственный и общественный деятель призывал молодежь быть отзывчивыми гражданами, любящими свой народ, а также уделил большое внимание к социальным вопросам.

Ключевые слова. Газета, редактор, комиссариат народного просвещения, архив, коммунистическая партия, просвещение.

N. Kuantaev, G.E. Sabdenova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.

*e-mail: kuantaiuly@mail.ru

Mass media of the Kazakh asr and socio-political activity of Zhusupbek Aimaulyty

There were fundamental changes in the Kazakh steppe after the formation of Soviet statehood. New reforms were carried out. Socio-political life gradually began to stabilize and the first steps were taken to strengthen the socio-economic situation in the country. The entire Kazakh intelligentsia took part in it. The figures of the former Alash Horde worked almost entirely in the Soviet system. One of them was Zhusipbek Aimaulyty. In turn, Zhusipbek Aimaulyty, like all Alashordin residents, was forced to recognize the new Soviet system, engage in socio-political life and contribute to solving state tasks for the prosperity of the country.

The article describes the socio-political activities, creativity and career of Zhusipbek Aimaulyty in the Soviet period. Archival materials and historical and source studies conducted on the sources of the printed publication say that he, as a statesman and public figure, urged young people to be responsive citizens who love their people, and also paid great attention to social issues.

Key words: Newspaper, editor, commissariat of public education, government, archive, communist party, education.

Кіріспе

Жүсіпбек Аймауытұлының ғұмырнамасын, соның ішінде кеңестік баспасөзді қалыптастыру мен дамытудағы еңбегін зерделеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі оның шығармаларында қазақ тарихы, әдебиеті, мәдениеті, баспасөзі, саяси жүйесі, қазақ халқының мұң-мұқтажы, асқақ армандары нақты көрініс тапты және де оның туындыларының деректанулық тұрғыда маңызы өте зор. Ол баспасөз немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қазақ халқының тілек-талаптарын, мұрат-мақсаттарын жеткізуге талпынған болатын. Қазіргі таңда оның әрбір шығармасы деректанулық тұрғыдан жан-жақты зерттелінуі тиіс деген ойдамыз.

Айта кету керек, Қазақ АКСР бұқаралық ақпараттық құралдарының қалыптасу тарихы патшалық заманнан бастау алады. Азамат соғысы жылдарынан соң кеңестік жүйенің салтанат құруы басталды. 1919 жылы 1 желтоқсан күні Семей қаласындағы жергілікті гарнизон көтерілісінен соң өкімет билігі Қызыл армияның қолына көшті (За власть Советов, 1961: 108). Сөйтіп, бұрынғы Алаш Орда астанасы болған Семейде кеңес билігі екінші рет орнады (Кемеңгерұлы, 1996: 74). Тарихтың басқа арнаға түсіп бара жатқанын, мұрат асыл болса да, мүмкіндіктің жоғын көрген, қару мен күштің ғана дегені жүретінін байқаған Алаш Орда қайраткерлері Мәскеудің талабына еріксіз көнеді. Көнуге тура келеді. Бүкілресейлік Құрылтай болмай қалды, оны кеңес өкіметі болдырмай тастады. Большевиктер армиясының Ресей импе-

риясына толық үстемдік ететініне көздері жеткен соң алашордалықтар кеңес өкіметімен амалсыз ымыра жасады. Империямен ендігі күрес кеңес өкіметінің қоластында тек оқу-ағарту саласында ғана жүргізілмек екенін жақсы түсінді. Семей губревкомы мен советтік атқару комитеті үні болып 1919 жылдың 4 желтоқсанынан Семей қаласында «Қазақ тілі» газеті шыға бастады. Яғни, бұрынғы Сібір үкіметі сияқты кеңес өкіметі де орнай салысымен ең әуелі баспасөзді уысында ұстауға тырысты. Семей қаласында баспаханалар көбейіп, оларға реттік сандар қойыла бастайды. Алаш Орданың облыстық кеңесінің баспаханасы 1-нші, бұрынғы Союзбанк баспаханасы 2-нші, бұрынғы Труд баспаханасы 3-нші реттік нөмерлерге ие болады. Енді бұлар тек кеңес газеттерін шығара бастайды (Отчет о деятельности губернского полиграфического отдела Семипалатинского губернского Совета народного хозяйства, 1920: 4). Сөйтіп, Қазақ АКСР баспасөзі патшалық Ресей мен алашордалық баспаханалар негізінде қалыптасып, дамыды. Олардың жұмысына азды-кемді шартты түрде ақталған алашордалық азаматтар да тартыла бастады. Кеңестік билік баспасөздің саяси-идеологиялық құрал екенін жақсы түсінгендіктен, кейінірек оны қатаң бақылауда ұстап, бөтен ойдан, жат пікірлерден ада ұстауға ұмтылды. Десе де кәсіби мамандардың жетіспеушілігі, білімді азаматтардың аздығы кадрлардың тапшылығын байқатқан еді. Осыған орай кеңестік билікке баспасөз саласында тәжірибесі бар мамандарға арқа сүйенуіне тура келді. Осы орайда Ж.Аймауытұлы сынды зиялыларды қызметке тарту орын алған еді.

Зерттеу әдістері

Мақала авторлары үшін негізгі ғылыми-әдістемелік бағыттар тарихилық, нақтылық және логикалық бірізділік болғандығын айта кетуге тиіспіз. Зерттеу әдістемесінің негізі гуманистік тұрғыдағы өркениеттілік принципіне арқа сүйейді. Сан алуан тақырыптарды қамтитын баспасөз құбылысының күрделілігін еске ала отырып, зерттеу жұмысын жазу барысында тарихи-жүйелілік, кезеңдік, типологиялық, институттану мен феноменологияланудың жалпы ғылыми қырларынан келу әдісі пайдаланылды. Мақалада кеңінен қолданылған тарихи-хронологиялық әдіс баспасөздегі кеңестік саяси-идеологиялық тетіктерді қалыптастырудың негізгі бағыттары мен деңгейлерін айшықтауға мол мүмкіндік берді. Ал салыстырмалы-тарихи тәсілді пайдалану кеңестік, соның ішінде қазақстандық баспасөз институтының қалыптасуының жалпы үрдісін талдауға кеңінен септігін тигізді. Сонымен қатар авторлар жүйелілік-құрылымдық талдау мен нақты тарихилық, методологиялық плюрализм, диалектикалық тарихилықпен қатар библиографиялық әдісті де кеңінен қолданды. Әсіресе осы аталған әдістерді өмірбаяндық әдіспен қабыстырған кезде зерттеу нысаны ғұмырнамасын бір ізге түсіріп шығуға мол мүмкіндік туындады. Зерттеуде абстрактілі, индуктивті, дедуктивті, аналитикалық және синтеттілік, динамикалық және статистикалық, сипаттау және сандық, генетикалық, модельдік, құрылымдық-семиотикалық, герменевтикалық, т.б. әдістер де ішінара қолданылғандығын айта кеткен жөн. Кейбір фактілер диахронды және синхронды деңгейлер тұғысынан да қарастырылды. Қолданылған зерттеу әдістерінің барлығы тақырыптың жекелеген қырларын ашып көрсетуге өзіндік септігін тигізді.

Талдау мен нәтижелер

Жүсіпбек Аймауытұлының ғұмырнамасында кеңестік баспасөзді қалыптастыру мен дамытудағы еңбегі ерекше. Алайда ол тек осы салада ғана емес, сонымен қатар қоғамдық және мемлекеттік қызметтерді де қоса атқара білді. Ол 1919 жылы мұғалімдер семинариясын бітіреді де, облыстық комитеттің бекітуімен қаладағы қысқа мерзімді педагогикалық курстарда сабақ береді (ҚР ОМА. 1398-к., 4-т., 26-іс, 23-п.). Сол жылдың 18 желтоқсанында губревком құрамында Алаш (Жаңа Семей) қаласының

ревкомы құрылды (ШҚОЖТҚО, 72-к., 2-т., 21-іс, 4-п.). Жүсіпбек Аймауытұлы губаткомның 23 желтоқсанында №4 бұйрығы бойынша қазақ нұсқаушылар бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне кіріседі (ШҚОЖТҚО, 73-к., 1-т., 2-іс, 1-п.), ал 25 желтоқсанында губревкомға мүше болады (ШҚОЖТҚО, 72-к., 1-т., 125-іс, 3-п.). Ал бұдан бір күн бұрын жат жұрттықтар (бұратана) бөлімі бойынша жалпы бөлімшенің меңгерушісі болып бірге оқыған замандас інісі Мұхтар Әуезов тағайындалған еді (ШҚОЖТҚО, 72-к., 1-т., 125-іс, 3-п.). Бұл мәліметті оның өзі ОГПУ тергеушісіне берген жауабында былай деп растайды: Колчак үкіметі Семейде құлағаннан кейін губерниялық төңкеріс комитетінің қазақ бөлімшесінің меңгерушісі болдым және «Кедей таңы» газетінің редакторы болып тағайындалдым (ҚР ҰҚК архиві. 011494-іс, 2-том, 116-п.). Өкінішке қарай, «Кедей таңы» газетін Алматы, Семей, Тәшкеннің ешбір архивінен немесе кітапханалардың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінен ұшырастыра алмадық. Тегі, соған қарағанда, бірнеше саны ғана шығып тоқтаса керек. Өйткені сол кезде губерния көлеміндегі бірден-бір газет «Қазақ тілі» еді. Бұл белгілі басылым алғашында жетісіне бір, кейінірек жетісіне 3 реттен 2500 тиражбен шығып тұрған (Қожакеев, 1991: 76).

Сол жылдардағы жағдайды белгілі тарихшы Марта Олкот былайша сипаттаған: Азамат соғысы аяқталғанымен қазақтарды соғыс коммунизм саясатының қиыншылықтары күтіп тұр еді. 1920 жылдың көктемінде бүкіл өңірде астықты, малды, киім-кешекті күштеп тәркілеу басталды. Жеңіске қолы жеткеннен соң большевиктер қазақтарға советтік үстемдіктің сабақтарын үйрете бастады (Олкотт, 1994: 146).

1920 жылдың 28-қаңтарында Ж.Аймауытұлы өз өтініші бойынша А.Белослюдов басқарған губерниялық оқу бөліміне іс-сапармен барыпты (ШҚОЖТҚО. 72-к., 1-т., 34-іс, 17-п.). Бұл кезде ол коммунистік партияға өткен болатын (ҚР ҰҚК архиві. 011494-іс, 2-том, 117-п.). Осы жерде тоқтала кету керек: Жүсіпбекке де, басқа қазақ азаматтарына да пролетариат диктатурасы деп талап қойған, не нәрсеге болсын, тап көзқарасымен қарайтын, сыңарезу большевиктермен бірге жұмыс істеу өте қиын болған еді. Өйткені себебі, орыс философы Н.Бердяев айтқандай, большевизм орыс отаршылдығының үшінші көрінісі болып табылды (Бердяев, 1990: 99). Бұған қатысты – бұрын орыс шовинизмі жыртықшы сипаттағы ұлтшылдық болатын. Қазір

ол төңкерісшіл шовинизм түрінде көрінуде деген болатын қазақтың біртуар азаматы М.Шоқай (Шоқай, 1998: 64). Шовинизммен астасып жатқан қысымды барлық алашордалықтар басынан кешті. Ақыры, архив құжаттары көрсетіп отырғандай, 1920 жылдың 13 мартында Сібір ревкомына қараған Семей губерниясының қызметкері Жүсіпбек Аймауытұлы, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезов Қазақстан ревкоміне (Кирревком), Сібір ревкомына және Қазақстан ревкомы Орталық атқару комитетінің (КирЦИК) мүшесі Ахмет Байтұрсыновқа хат жолдайды (ҚР ОМА. 14-қ., 1т., 104-іс, 5-7-п.). Хаттарында олар жергілікті жерде (бұл жерде Семей қаласы) бұрынғы саяси қызметі үшін қазақ оқығандарын қуғындауды қойдыруды талап еткен.

Кезінде кеңес көсемі В.Лениннің өзі қол қойған, бұрынғы Алаш Орда үкіметінің мүшелерін кеңес қызметіне жіберетін уақыт жетті деп саналады және оларды бұрынғы саяси істері үшін қудалауға мүлдем тыйым салынады деген ВЦИК-тің белгілі қаулысы шыққан болатын (ҚР ОМА. 14-қ., 3т., 4-іс, 11-п.). Алайда Қаулы шықса да, жергілікті орыс-казак кеңестік басшылардың оған мән бере қоймағандығы аңғарылады. Сайып келгенде, ұлт зиялыларына жергілікті орыс атқамінерлерімен үнемі күресуге тура келген еді.

Қазақ даласында күн тәртібіндегі ушығып тұрған көптеген мәселелерге байланысты 1920 жылдың қыркүйек айында Қазақ (Қырғыз) автономиялық республикасының астанасы Орынборда жалпықазақ съезі өткізілмек болып шешіліп, қатысуға Семей губревкомі де дайындалады. Губревком 26-шы шілдеде өткен мәжілісінде даярлық үшін әуелі уездік съездерді өткізуді бекітіп, Жүсіпбек Аймауытұлына жат жұрттықтар (инородцы) бөлімшесін бөлім етіп қайта құру ісі тапсырылады (ШҚОЖТҚО. 71-қ., 1-т., 125-іс, 27-п.).

Сол жылы, яғни 1920 жылдың 26 тамызында Ресей Кеңестік Социалистік Федерациясы құрамында Қазақ (Қырғыз) автономиялық АСР-ы құрылады. Бірақ Семей губерниясы, әлі де болса, Сібір ревкоміне қарап қалған еді. Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков сияқты алаш зиялыларының бұл губернияны Қазақ Республикасына қосып алу мәселесі де оңай шешілмеген болатын (Бурабаев, 1991: 252). Семей губерниясына ол кезде, қазіргі территориялық өлшеммен алсақ, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының жерлері кіретін. Губревкомның 10 қыркүйектегі мәжілісінде М.Әуезовтің білім

алуын жалғастыру үшін қызметінен босатуын сұраған өтініші қаралады. Оның орнына Қазақ бөлімін (киротдел) басқаруға губревком мүшесі Жүсіпбек Аймауытұлы уақытша тағайындалады (ШҚОЖТҚО. 72-қ., 2-т., 8-іс, 7-п.). Осы айда өтетін жалпықазақ съезіне сайлау өткізу үшін Семей губерниялық сайлау комиссиясы құрылып, құрамына Б.Зорин, Л.Пиндрик деген азаматтармен бірге Ж.Аймауытұлы да кіреді (Губернские газеты, 1921: 1).

Айта кету керек, 1920 жылы Семей қаласындағы Ленин көшесі 4-ші үйде орналасқан 3-ші мемлекеттік (бұрынғы – Труд) баспаханадан басылып шығатын «Қазақ тілі» газетінің тиражы 3 мыңға жеткен (Қазақ тілі, 1921: 1). Алғашқы сандарында: Шығарушы – Жазушылар ұйымы деп көрсетілетін осы басылымға 1920 жылдың жаз айларында Мәнен Тұрғанбай редакторлық етеді. Қазан айында Жүсіпбек Аймауытұлы редактор болады. Газет сол жылы бір ғана парақ болып шыққан еді. Азғана нөмірі сақталғандықтан шығар, Ж.Аймауытұлының нақты өз атынан берілген дүниелерін кездестіре алмадық. Бәлкім басқа ол қосалқы атты да пайдаланған болуы ықтимал. Өйтсе де, Жүсіпбек редакторы болған нөмірлерден оның жазу мәнеріне ұқсайтын, (Басқармадан деп берілген), шағын мәтіндерді көруге болады. Мәселен, «Кедей сөзінің» ілгешегіне жауап» деген мақаласында газет материалына тиіскен орынсыз сынына былай деп жауап қайтарды: қазақ әйелінің әлі жетілмегендігін де, өз бетімен жол таба алмайтындығын да, кейде қыз болып ағасына не туысқаны жазатынын да біледі. Басына бостандық алған қызды да, қорғалап қолтықта қалған қызды да, өнеге алсын, не сақтансын деген мақсатпен басады (Baskarma, 1921: 1). Редактор Аймауытұлы РОСТА-дан жеке айдармен (Қызылдар майданы) (Врангель бөліне бастады, Күнбатыс майданы және т.с.с. тақырыпта) хабарлар ұйымдастырған (Kyzylдар mайданы, 1920: 1). Бұл ретте жергілікті жағдайда газет материалдарын ұйымдастырушы РОСТА мен газеттер біртұтас көрінеді деуге болады (Омашұлы, 1999: 76). Сайып келгенде, Қазақ АКСР баспасөз қызметінде жүріп Жүсіпбек Аймауытов қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге талпында дей аламыз. Газетте жаңа айдарлар ашып, саяси-идеологиялық және әлеуметтік тақырыптарды өзгәй алды. Бүгінгі күні ол араласқан немесе оның туындысы саналатын шығармалар мен басылымдардың барлығы да сол жылдардағы күнделікті тарихтан мәлімет беретін еді. Ал

олардың қазақ тарихының беттерін толтыратын ақпараттар легінен тұратындығы шүбәсіз.

1920 жылдың қазан айында Жүсіпбек Аймауытұлы Қазақ Орталық атқару комитетінің (КирЦИК) мүшесі және Халық ағарту комиссарының орынбасары болып сайланады (ШҚОЖҚТО. 72-қ., 148-іс, 33-п.). 19-қазан күні Қазақ өлкелік партбюросы мәжілісінде Смағұл Садуақасовтың ұсынысымен қазақ тілінде газет шығару мәселесі қаралып, оны шығару үшін редакцияның алқа құрамына С.Садуақасов, С.Сейфуллинмен бірге Жүсіпбек Аймауытұлы да сайланады (Tileugabulov, 1999: 1-2). Бұларға үш күннің ішінде газетті шығару, пайдалану және тарату жоспарын жасап әкелу тапсырылады. Смағұл Садуақасовтың ұсынысы бойынша, расында да, біраз уақыттан соң «Еңбек туы», кейінірек «Ертен» газеттерінің алғашқы нөмірлері жарыққа шыға бастайды. Бұдан кейін он шақты күн өткен соң Жүсіпбек Аймауытұлы Халық ағарту кеңесінің 1 қарашада болған мәжілісіне қатысады. Онда Ахмет Байтұрсыновпен және Акулов дегенмен бірге Халық ағарту комиссариатының алқа мүшесі болып сайланады (ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1-іс. 14-п.). Бірақ бір ай толмай, 25-қарашада орнына Буянов деген тағайындалады да (ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1-іс, 20-п.) [28], Ж.Аймауытұлы Семейге қайта оралады. Оның Семейге не үшін қайтқанын қазір деп басып айта қою қиын. Дегенмен, отбасының жағдайына орай қайтып оралуы мүмкін-ау деп топшылауға болады. Өйткені бұл кезде үлкен ұлы Бектұр төрт жасқа, кіші ұлы Жанақ екі жасқа толған болатын, сірә, бұл уақытта қызы Муза дүниеге келсе керек. Хош, сонымен арада бес күн өтпей, 30 қарашада ол Семей губревкомі мүшелігінен шығып (ШҚОЖТҚО, 72-қ., 1-т., 128-іс, 135-п.), 9-желтоқсанда қызметін Ыдырыс Мұстамбаевқа тапсырып (ШҚОЖҚТО. 72-қ., 1-т., 34-іс, 480-п.), сол күні губатком төрағасы Жигарев қол қойған, жол жүргенде ерекше құқық беретін (468. В 7413362 нөмірлі) мандатпен жол ақшасын алып (ШҚОЖҚТО. 72-қ., 1-т., 3-іс, 479-п.), Орынборға қарай қайта шұғыл түрде жүріп кетеді.

Ж.Аймауытұлы қазақ баспасөзіндегі еңбектерінде жастарға сенім артты. Оларды қоғамның қозғаушы күші болатындығына, кемел болашақты құратындығына сенді. Сол себепті олардың ұлттық тәлім-тәрбиесіне ерекше мән берді. Мұны оның газет беттерінде жарияланған еңбектері де айғақтайды. Мәселен, жоғарыда айтып кеткеніміздей, Орынборда «Еңбек

туы» газетінің (бүгінгі «Егемен Қазақстан» – авт.) алғашқы нөмірі КирЦИК пен РКП(б) облыстық бюросының үні ретінде 1920 жылдың 13 ноябрінде шығады. Алғашқы сандарында С.Садуақасов, М.Тұрғанбай, С.Сейфуллин, Ғ.Айсарин, т.б. мақалалары жарияланды. Газет ұжымы оның сандарын алғашында жетісіне үш рет шығаруға талпынғанымен, арасына жиырма шақты күн аралатып, 1920 жылы бар-жоғы үш-ақ саны жарық көреді. Басты себеп қаржы тапшылығы болса керек. Үшінші санында Жүсіпбек Аймауытұлының «Жастар кім?» деген мақаласы басылады (Аймауытұлы, 1920: 1). Кеңес өкіметі алғашқы кезде өзінің билік орындарында оқығандарға, зиялыларға зәру болса да, кейінгі жастарға сеніп, оларды өз мүддесінде тәрбиелеуге баса назар аударған. Осы себептен болса керек, оқығандар ішінде «ескішіл», «жанашыл» деп бөлінген, екі түрлі пікірдегі жастардың бар екені сезіле бастаған. Міне, осы құбылысқа Ж.Аймауытұлы өзінің мақаласында кеңінен тоқталып, оларды өзара мәмілеге келтіруге тырысады, жікшілдіктің неден туатынын, тамыры қайда жатқанын аңғартады, жаңа өкіметке керек жастардың бойынан ұлтын сүйген асыл қасиет көргісі келетінін айтады. Оның айтуынша: Бұрынғы оқығандарға жастар сын тағатын. Не деп? – «Ескішілсіңдер, байшылсыңдар, баққұмарсыңдар... қазақты бойларыңа аса үйір қыламын деп жаман мінездерін де бойларыңа сіңіріп алдыңдар; ылғи әдіспен жүремің деп көзге көрінерлік берекелі іс шығара алмадыңдар» деп. Бұрынғы оқығандарды халық іс жүзінде көрді. Жастардың жоғарыдағы ісі өгірік пе, шын ба, өздері байқар. Жалғыз-ақ бұл жерде айтқым келгені – бұрынғы оқығандардың бойында, ісінде міндері болса, ол үшін мүлде айыптауға болмайды (Аймауытұлы, 1920: 1). Автор жастың мақсұты – әділдік деп әділ болуға шақырады. Ол жастардың көбінесе ісіне кіріскені соңғы төңкерістен бері қарай. Аз уақытта жастардың өндіріп істегені болмаса да, келешекте адал қызмет қылуына, көздеген мақсұтынан, тұтынған жолынан таймай, халықты түзу бастауына үміт туғызады деп жазды. Өз кезегінде Ж.Аймауытов адал, өжет жастың үлгісі ретінде Сұлтанмахмұт Торайғыровты атайды. Оның айтуынша: кешегі өткен Сұлтанмахмұт жас біткенге бас еді. Ақжүректік, әділдік, турашылдық, ерлікте Махмұт сынды жігітті қай дұшпаны кемітер?! Міне, сөйтіп ол осындай тұлғаларға еліктеуге, үлгі тұтуға шақырды. Жастарды ұлт ісіне, елді көркейту қызметіне үндеген Ж.Аймауытұлының

бұл мақаласы сол тұстағы әлеуметтік өзекті мәселелердің бірін қозғаған, мерзімінде жазылған дүние деп бағалауға тұрарлық.

Ол жастардың білім алуына белсене араласқан тұлға. Қазақ автономиялы республикасы Орталық атқару комитетінің 1920 жылдың 2 желтоқсанындағы мәжілісінде Қазақ мемлекеттік баспасы жанынан қазақ тілінде оқулықтар дайындайтын, бес кісіден тұратын редакциялық алқа құрылып, оған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Болғанбаев, С.Садуақасовпен бірге Жүсіпбек те кіреді (ҚР ОМА 929-к., 1-т., 20-Г-іс, 9-п, 14-п.). Көп ұзамай, 1921 жылдың 31 қаңтарында Аймауытұлы халық ағарту комиссариатының алқа мәжілісінде халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсыновтың орынбасары болып екінші рет тағайындалады (ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 2-іс, 43-п.). Коммунистік партия мен кеңес қайраткері ретінде ол қазақ жастарын арнаулы курстар мен мектептерге шақыру жұмыстарына араласады (ҚР ПА. 139-к., 1-т., 266-іс, 145-п.). Арада жиырма күн өткеннен кейін, 21-ақпанда Қазақ коммунистік партиясы бюросының (Кирпартбюроның) шешімімен ол Смағұл Садуақасовтың орнына «Еңбек туы» газетінің редакторы болып бекітіледі (ҚР ПА. 140-к, 1-т., 82-іс, 17-п.). Сөйтіп, әйгілі қаламгер, ұлт көсемсөзінің иесі Жүсіпбек Аймауытұлы бүгінгі «Егемен Қазақстанның» ең алғашқы редакторларының бірі болады. Бірақ орны толмас бір өкініш: ол басқарған бес-алты айдағы «Еңбек туының» тігінділері архивтерде, арнаулы қорларда сақталмаған. Келешекте табылып қалар деген үміт те жоқ емес.

Кеңес дәуіріндегі Қазақ республикасының алғашқы газеттерін ғана емес, тұңғыш журналдарын шығаруға да Ж.Аймауытұлының атсалысқанын архив құжаттары дәлелдеп отыр. Мәселен, Қазақ ғылыми комиссиясының (төрағасы И.Токтыбаев) Оқу комиссариатына 1921 жылдың 1 наурызында жіберген №74 хабарламасында «Шолпан» деп аталатын саяси-экономикалық және ғылыми-әдеби журналдың алғашқы саны 15 наурызда шығатыны, оны шығармақ болған қызметкерлердің ішінде А.Байтұрсынов, Б.Сәрсенов, Х.Болғанбаев, А.Бірімжанов, М.Саматов, Е.Омаров, С.Садуақасов, Б.Күлеев, С.Сейфуллиндермен қатар Жүсіпбек Аймауытұлының бар екені айтылады (ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 23-іс, 16-п.). Бірақ бұл журнал белгісіз себептермен шықпай қалыпты.

1921 жылы 24 наурызда қаламгер «Еңбек туының» редакторы міндетінен босатуды сұрап

Кирпартбюроға өтініш жазған (ҚР ПА. 140-к., 1-т, 83-А-іс, 57-п.). Бірақ өтініштің өзінің мәтіні сақталмаған, сондықтан оның не себепті босатуды сұрағанын анықтау мүмкін болмады. Алайда, өтінішке қол қойылмайды: күнде шығуға тиіс «Еңбек туының» техникалық мүмкіндіктері болмағандықтан апталық етіп, «Беднота» газетіне ұқсатып шығаруға және үгіт бөліміне газет техникасын тәртіпке келтіруді тапсырып Кирпартбюро қаулы қабылдайды. «Еңбек туының» жауапты редакторы болып жолдас Аймауытов бекітілсін» деп ұйғарым жасайды (ҚР ПА. 140-к, 1-т,46-іс, 13-п.). Бұл жерде белгілі көсемсөзшіге үлкен сенім артылғанын және компартия мүшесі ретінде тәртіпке бағыну талап етілгенін де аңғаруға болады. Дегенмен, Алаш Орда үкіметінің бұрынғы қызметкерлеріне ол жылдары жаңа өкімет тарапынан ешқандай сенім артылмайтын. Оны Мәскеуге жөнелтілген жеделхаттарында Алаш Орда үкіметі мүшелерін Қазревкомге жібермейтіндерін растап, 1921 жылдың 8-маусымында Қазоблбюро төрағасы Пестковскийдің қолы қойылып, қабылданған қаулы да дәлелдейді (Пайпс, 1994: 152). Большевиктер өкіметі әуел бастан бәрін тек өз қалауынша жасауға ұмтылған, өйткені кеңес жаулаушылығының алғашқы қадамдарынан бастап қазақ даласындағы саяси өкіметтің барлық органдары Мәскеудің қарамағында болды (ҚР ОМА 5-Қ, 19-т, 12-іс, 1-п.).

1921 жылдың 8-шілдесінде халық ағарту комиссарының орынбасары Жүсіпбек Аймауытұлы арыз жазады (ҚР ПА. 139-к, 1-т, 13-А-іс, 18-п.). Қазобком төралқа мәжілісі қаулысымен бір жарым ай еңбек демалысын алып (ҚР ОМА81-Қ, 1-т, 7-іс, 105-п.) елге кетеді. Сол кезде Семейде жүріп ол «Қазақ тілі» газетіне «Бияш» деген мақаласын жариялайды (Жүсіпбек, Мәнен, 1921: 1). Бияш – Алаш Орданың көрнекті қайраткері Бидахмет Сәрсенов еді. Мақаласында өткен шілденің 17-інде Орынбор қаласында Қазақстан Оқу комиссариатының басқарма мүшесі Бидахмет Шегедекұлы Сәрсенов оба ауруынан қаза болды деп басталған көлемді қазанама-мақалада автор оның өмірбаянына шолу жасап, қазаққа сіңірген еңбегіне тоқталған. Төңкеріске дейінгі әлеуметтік және оқытушылық қызметін айттып, әлеумет ісіне қатысқандықтан айыпталып, Колчак тұсында, соңғы кеңес үкіметі тұсында абақтыға да жатып шықты деп жазады. Авторлар Бияш қиын-қыстау, қияға салатын, дәнекер болатын, өзгеше жаралған жан еді. Ондай кісі қазақтан кем шығады. Бияштың орны үңірейіп

қалды деп айрықша баға береді. Сегіз қырлы, бір сырлы Бияштың өжеттігіне, алғырлығына, ұлтшылдығына, адалдығына, мейірімділігіне жеке-жеке тоқтап, оқу комиссариатының қандай ісі болсын бір өзі басқарып бара жатыр еді. Хәкімшілік жұмыста арқасы босағандай болып, Ахаң (Ахмет – *авт.*) Бияшқа сеніп отырушы еді дейді. Шындығына келгенде, Ж.Аймауытұлы оның ісін дәріптеу арқылы оны жастарға үлгі қоя білді. Архивтік деректер де растап отырғандай, Халық ағарту комиссариатында басшылық қызметте жүрген Бидахметті өзі де сонда қызмет істейтін Жүсіпбек өте жақсы білген (ҚР ОМА. 81-қ, 1-т, 34-іс, 40-п.). 1909 жылы мұғалімдер семинариясын бітірген, 1920 жылдың 12-мамыр айынан сол комиссариатта әлеуметтік тәрбие секторын (ҚР ОМА81-Қ, 1-т, 7-іс, 101-п.) және қазақ мектептері бөлімін басқарған [47] Б.Сәрсенов (ҚР ОМА. 81-қ, 1-т, 697-іс, 18-п.) шын мәнінде А.Байтұрсыновтың оң қолы болған еді. Оның замандастары арасында қадірлі болғанының, еліне еңбегі сіңген шын қайраткер екенінің мысалы ретінде өлген соң көп ұзамай Орынбор қаласындағы балалар үйіне Б.Сәрсеновтың есімі берілгенін де айтуға болады (ҚР ОМА. 81-қ, 1-т, 1-іс, 14-п.). Жалпы, халық ағарту комиссариаты 20 жылдардың басында қазақ зиялыларын шоғырландырған, Ахаң (Байтұрсынов) басқарған үлкен орта еді. Мұнда А.Кенжеев, Х.Болғанбаев, Е.Омаров, Б.Күлеев және тағы басқа ел таныған азаматтар қызмет еткен. Комиссар А.Байтұрсыновтың Б.Сәрсенов сияқты орынбасары болған Жүсіпбек алқа мүшесіне еніп, көркемөнер секторының төрағасы қызметін атқарған (ҚР ОМА. 81-қ, 1-т, 34-іс, 41-п.). Бұл сектордың құрамында кәсіпқой театр, фото-кино, академиялық, музыкалық және т.с.с. тоғыз бөлім болған. Мұнда А.Затаевич академиялық бөлімшенің меңгерушісі болып қызмет етіпті. Халқымыздың ән-күйін тұңғыш рет жинаған бұл кісі «Жиырма бес», «Уғай-ай», «Әуілдек» сияқты 28 ән мен «Азаматқожа» күйін тамаша әнші – Жүсіпбектің аузынан сол кезде жазып алса керек. Негізі «Қызыл бидай», «Қазағым, қақтықпа», «Арғы атам – ер түрік» сықылды әндерді дүниеге әкелген Аймауытұлының әншілік өнері – жеке зерттеуді талап ететін дүние (Дөңқабақ, 1999: 3-4). Осы халық ағарту комиссариатында қызметте жүріп Жүсіпбектің ҚазЦИК-тің шаруашылық басқармасында іс жүргізуші болып жұмыс істейтін болашақ, екінші әйелі Евгения Сермұхамедовамен осы кезде танысқан болса керек (ҚР ОМА. 81-қ, 1-т,

34-іс, 159-п.). 1921 жылдың 8 шілдесінде бір жарым айға еңбек демалысын алған ол, арада бір ай өткен соң 10 тамызда Семей губерниялық оқу бөліміне меңгеруші болып Әбікей Сәтбаевпен бірге бір күнде қызметке тұрған (ҚР ОМА. 81-қ, 1-т, 103-іс, 18-п.). Барлығы 13 адам жұмыс істеген ГубОНО-да қазақтардан бұлармен бірге Қ.Мұздыбаев та жұмыс істепті. 1929 жылғы тергеу мәліметтерінде Ж.Аймауытұлы мұны растай отырып, «Қазақ тілі» газетінің шығарушыларының бірі болғанын қадап айтады (ҚР ҰҚК архиві, 011494-іс, 2-том. 118-п.). Жүсіпбектің Қазақстан Орталық атқару комитетінің (КирЦИК) іс қағаздарында сақталған 1921 жылдың 12-октябрінде ашылған жеке ісінде де керекті мәліметтер бар. Сол күні ол КирЦИК-тің қаулысымен (сырттай болса керек) оқу комиссариатында жаңа қызметке тағайындалады (ҚР ОМА. 5-қ, 18-т, 109-іс, 1-п.). Орынборда Жүсіпбектің іздестіру мәселесі біразға созылса керек. Оның Орынбордағы жақсы қызметін тастап, Семейде жаңа қызметке орналасуы – оның жеке өмірінің, өз шаңырағының мәселелеріне орай шұғыл шешім тапқан жағдай болуы мүмкін. Не болса да, бұл қаламгер өмірбаянындағы әзірге белгісіз қалып отырған, қалтарыс беттердің бірі.

Қорытынды

Қазақ АКСР баспасөз орындарында, түрлі бюроларда, мемлекеттік органдарда қызмет атқарған және де сан алуан қоғамдық істерге мұрындық болған Жүсіпбек Аймауытұлының қоғамдық-саяси қызметін бүгінгі күні жоғары бағалауға болады. Ол халықтың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеуді дамытуға үлесін қосқан көсемсөз майталманы болып саналады. Елге адамзат өркениетіне шақырып, әлем әдебиетінің жауһарларын (У.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон, т.б. шығармаларын), бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды. Мұның барлығы қазақ халқына деген іңкәр сезімді, ұлттың болашағына деген аландаушылықты және де оның дамуына деген қайраткердің үмігін де білдіреді. Сонымен қатар жастарды білімге тартып педагогика, психология, методика, эстетика, тәрбие туралы зерттеулер жазды, әдебиеттану, сын саласына араласты, алуан түрлі публицистикалық мақалалар, сондай-ақ алғашқылардың бірі болып роман, пьесалар жазды. Жастарға үлгі боларлық тұлғаларды дәріптеп, олардың қызметіне та-

рихи бағасын берді. Оның негізгі еңбектерінің арқауы ұлттың өткені мен тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, этнографиясы мен дүниетанымы болған еді. Жүсіпбек Аймауытұлы қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби-ғылыми және тарихи мұра қалдырып үлгерді. Оның әрбір

шығармасынан қазақтың күнделікті тарихының лебі сезіліп тұрады. Сол себепті ұлы қаламгердің шығармаларын деректанулық тұрғыдан талдап, тарихи танымын зерттеп, негізгі концептуалды ойларын жүйелеу қажеттілігі күн сайын артып келеді.

Әдебиеттер

- За власть Советов (1961). *Сборник статей и воспоминаний о борьбе за укрепление и упрочение советской власти в Семипалатинской области*. Семипалатинск.
- Кемеңгерұлы Қ. (1996). Таңдамалы. Алматы: Қазақстан.
- Отчет о деятельности губернского полиграфического отдела Семипалатинского губернского Совета народного хозяйства. (1920). Семипалатинск, 1920, январь, декабрь.
- ҚР ОМА. 1398-к., 4-т., 26-іс, 23-п.
- ШҚОЖТҚО. 72-к., 2-т., 21-іс, 4-п.
- ШҚОЖТҚО. 73-к., 1-т., 2-іс, 1-п.
- ШҚОЖТҚО. 72-к., 1-т., 125-іс, 3-п.
- ҚР ҰҚК архиві. 011494-іс, 2-том, 116-п.
- Қожақеев Т. (1991). Жыл құстары. Алматы: Қазақстан (Қожақеев, 1991: 76)
- Олкотт М. (1994). Қазақтар. *Қазақтар шетел әдебиетінде*. Құраст.: К.Есмағамбетов. Алматы: Атамұра
- ШҚОЖТҚО. 72-к., 1-т., 34-іс, 17-п.
- ҚР ҰҚК архиві. 011494-іс, 2-том, 117-п.
- Бердяев Н. (1990). Истоки и смысл русского коммунизма. Москва: Правда
- Шокай М. *Таңдамалы*. 1-том. Алматы: Қайнар, 1998.
- ҚР ОМА. 14-к., 1-т., 104-іс, 5-7-п.
- ҚР ОМА. 14-к., 3 т., 4-іс, 11-п.
- ШҚОЖТҚО. 71-к., 1-т., 125-іс, 27-п.
- Бурабаев М.С. (1991). Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг. Алматы: Санат, 1991.
- ШҚОЖТҚО. 72-к., 2-т., 8-іс, 7-п.
- Губернские газеты (1921). *Степная правда*. 1921. 17-сәуір. № 8.
- Қазақ тілі. (1921). 31-декабрь. № 112
- Басқарма. «Кедей сөзінің» ілгешегіне жауап. *Қазақ тілі*. 1921. 31-желтоқсан. № 112
- Қызылдар майданы. *Қазақ тілі*. 1920. 28-қазан. №98.
- Омашұлы Н. (1999). Жол үстінде – журналист. Алматы: Атамұра, 1999.
- ШҚОЖҚТО. 72-к., 148-іс, 33-п.
- Тілеуғабылов М. Газет тарихынан. *Егемен Қазақстан*. 1999. 4-желтоқсан. № 267.
- ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 1-іс, 14-п.
- ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 1-іс, 20-п.
- ШҚОЖТҚО. 72-к., 1-т., 128-іс, 135-п.
- ШҚОЖҚТО. 72-к., 1-т., 34-іс, 480-п.
- ШҚОЖҚТО. 72-к., 1-т., 3-іс, 479-п.
- Аймауытұлы Ж. (1920). Жастар кім? *Еңбек туы*. 25-желтоқсан. №3.
- ҚР ОМА 929-к., 1-т., 20-Г-іс, 9-п, 14-п.
- ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 2-іс, 43-п.
- Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (*бұдан ары*: ҚР ПА). 139-к., 1-т., 266-іс, 145-п.
- ҚР ПА. 140-к., 1-т., 82-іс, 17-п.
- ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 23-іс, 16-п.
- ҚР ПА. 140-к., 1-т., 83-А-іс, 57-п.
- ҚР ПА. 140-к., 1-т., 46-іс, 13-п.
- Пайпс Р. (1994). Совет Одағының қалыптасуы. Коммунизм және ұлтшылдық. 1917-1923 жж. *Қазақстан шетел әдебиетінде*. Құраст.: К.Есмағамбетов. Алматы: Атамұра
- ҚР ОМА 5-К, 19-т, 12-іс, 1-п.
- ҚР ПА. 139-к, 1-т, 13-А-іс, 18-п.
- Жүсіпбек, Мәнен. (1921). Бияш. *Қазақ тілі*. 22-тамыз. №136.
- ҚР ОМА81-К, 1-т, 7-іс, 105-п.
- ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 34-іс, 40-п.
- ҚР ОМА81-К, 1-т, 7-іс, 101-п.

- ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 697-іс, 18-п.
ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 1-іс, 14-п.
ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 34-іс, 41-п.
Дөңкабақ О. (1999). Басынан Баянауыл ән кетпеген. *Столичное обозрение*. 23-июль.
ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 34-іс, 159-п.
ҚР ОМА. 81-к, 1-т, 103-іс, 18-п.
ҚР ҰҚК архиві, 011494-іс, 2-том. 118-п.
ҚР ОМА. 5-к, 18-т, 109-іс, 1-п.

References

- Za vlast Sovetov. (1961). *Sbornik Statey I vospimonani o borbe za ukreplenie I uprohtenie sovetsoi vlasty v Semipalatinskoy oblasti*. Semipalatinsk, 1961
- Kemengeruly K. (1996). *Tandamaly*. Almaty: Kazakstan
- Othtet o deiyatelnosty gubernnskogo poligrafihzeskogo otdela Semipalatinskogo gubernnskogo Soveta narodnogo hozaystva. Semipalatinsk, 1920, yanvar, dekabr
- KR OMA. 1398-т., 4-т., 26-іс, 23-п.
SHKOSHTKO, 72-к., 2-т., 21-іс, 4-п.
SHKOSHTKO, 73-к, 1-т., 2-іс, 1-п.
SHKOSHTKO, 72-к, 1-т., 125-іс, 3-п.
KR UKK arhivi. 011494-іс, 2-том, 116-п.
Koshakeev T. (1991). *Shyl kustary*. Almaty: Kazakstan
- Olkott M. (1994). *Kazaktar zhetel adebyetinde*. Kurast.: K.Esmagambetov. Almaty: Atamura
- SHKOSHTKO, 72-к, 1-т., 34-іс, 17-п.
KR UKK arhivi. 011494-іс, 2-том, 117-п.
- Berdyaev N. (1990). *Istoky I smisl russkogo kommunizma*. Moskva: Pravda
- Shokay M. (1998). *Tandamaly*. 1-том. Almaty: Kaynar
- KR OMA. 14-к., 1-т., 104-іс, 5-7-п.
KR OMA. 14-к., 3-т., 4-іс, 11-п.
SHKOSHTKO, 71-к, 1-т., 125-іс, 27-п.
- Burabayev M.S. (1991). *Obshestvennaya mysl Kazakhstana v 1917-1940 gg.* Almaty: Sanat, 1991
- SHKOSHTKO, 72-к, 2-т., 8-іс, 7-п.
Gubernskie gazety. (1921). *Stepnaya pravda*. 17-sauir. №8.
Kazak tili. (1921). 31-dekabr. №112
Baskarma. (1921). Kedey sozinin ilgeshegine zhauap. *Kazak tili*. 31-zheltoksan. № 112
Kyzylidar maydany. (1920). *Kazak tili*. 1920. 28-kazan. №98.
Omashuly N. (1999). *Zhol ustinde – zhurnalist*. Almaty: Atamura
- SHKOSHTKO, 72-к, 148-іс, 33-п.
Tileugabilov M. (1999). *Gazet tarihyinan. Egemen Kazakstan*. 4-geltoksan. № 267.
KR OMA. 81-к., 1-т., 1-іс, 14-п.
KR OMA. 81-к., 1-т., 1-іс, 20-п.
SHKOSHTKO, 72-к, 1-т., 128-іс, 135-п.
SHKOSHTKO, 72-к, 1-т., 34-іс, 480-п.
SHKOSHTKO, 72-к, 1-т., 34-іс, 479-п.
- Aimayutylu Shusipbek. (1920). *Shastar kim? Enbek tuy*. 1920. 25-geltoksan. №3.
KR OMA. 929-к., 1-т., 20-G-іс, 9-п., 14-п.
KR OMA. 81-к., 1-т., 2-іс, 43-п.
Kazakstan Respublikasynin Prezidenttik arhivi (budan ary: KR PA). 139-к., 1-т., 266-іс, 145-п.
KR PA. 140-к, 1-т., 82-іс, 17-п.
KR OMA. 81-к., 1-т., 23-іс, 17-п.
KR PA. 140-к, 1-т., 83-іс, 57-п.
KR PA. 140-к, 1-т., 4b-іс, 13-п.
- Payps R. (1994). *Sovet Odagynin kalyptasuy. Kommunizm gane ultshildik. 1917-1923 gg. Kazakstan zhetel adebietinde*. Kurast.: K.Esmagambetov. Almaty: Atamura
- KROMA5-K, 19-т, 12-іс, 1-п.
KR PA. 139-к, 1-т., 12-іс, 18-п.
Jusipbek, Manen. Byash. *Kazak tili*. 1921. 22- tamyz. №136.
KR OMA. 81-к., 1-т., 7-іс, 105-п.
KR OMA. 81-к., 1-т., 34-іс, 40-п.

KR OMA. 81-k., 1-т., 7-ис, 101-п.

KR OMA. 81-k., 1-т., 697-ис, 18-п.

KR OMA. 81-k., 1-т., 1-ис, 14-п.

KR OMA. 81-k., 1-т., 34-ис, 41-п.

Donkabak O. (1999). Basynan Bayanauyl an ketpegen. *Stolythnoe obozrenyie*. 23-shilde.

KR OMA. 81-k., 1-т., 34-ис, 159-п.

KR OMA. 81-k., 1-т., 103-ис, 18-п.

KR UKK arhivi. 011494-ис, 2-tom, 118-п.

KR OMA. 5-k., 18-т., 109-ис, 1-п.